

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
Қарағанды гуманитарлық колледжі

"Қазақ тілі және әдебиеті" бөлімі

# Курстық жұмыс

Тақырыбы: «Қасым Аманжолов  
шығармашылығындағы Ұлы Отан соғысы  
тақырыбы және оны мектепте оқыту»

29.11.2016

29.11.2016

# МАЗМҰНЫ

## КІРІСПЕ

### I ТАРАУ ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ - ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІН БАЙЫТҚАН ҰЛЫ ТАЛАНТ

1.1. Қасым Аманжолов қазақтың ұлттық ақыны.

1.2. Қасым Аманжолов – сан қырлы талант иесі

### II ТАРАУ ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ – ЖАУЫНГЕР АҚЫН

2.1. Ақынның соғыс жылдарындағы поэзиясының тақырыптарының ерекшеліктері мен маңызы

2.2. «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасының алатын орны

### III ТАРАУ ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТЫЛУЫ

3.1 Қасым Аманжолов шығармаларын мектеп бағдарламасында оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер

I ТАРАУ ҚАСЫМ

АМАНЖОЛОВ - ҚАЗАҚ

ӨЛЕНІН БАЙЫТҚАН

ҰЛЫ ТАЛАНТ

1.1. Қасым Аманжолов -

қазақтың ұлттық ақыны.

**Курстық жұмыстың мақсаты:** Қасым Аманжоловтың Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы шығармаларына тоқтала отырып, идеялық мазмұны мен жанрлық ерекшелігін саралау, мектепте оқыту жолдарын қарастыру;

**Курстық жұмыстың міндеттері:**

1. Қасым Аманжоловтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау;
2. Ақынның Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы шығармаларына талдау жасау;
3. Шығарманың тақырыптық, жанрлық, стильдік ерекшеліктеріне тоқталу;
4. Ақын шығармасының мектепте оқыту әдіс-тәсілдерін айқындау;

**Курстық жұмыстың құрылымы:** жұмыс кіріспеден, екі тарау, қорытынды пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады;

**Тақырып өзектілігі:** Қазақ поэзиясында өзіндік ерекше орны бар дара тұлға Қасым Аманжолов шығармашылығының өміршеңдігін және жас ұрпақ бойында ұлттық рухты тәрбиелеудегі маңызын анықтау;



- Қасым Аманжолов — қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі, халқымыздың дарынды ақыны, атақ-даңқы кең жайылған Қасым Аманжолов (1911-1955) ұлттық әдебиетіміздің заңғар аспанындағы жарық жұлдызы, мәңгі сөнбес шамшырағы еді. Өмірден ерте кеткенмен, ол болашақ ұрпаққа мол мұра қалдырды. Бейбіт өмірді, қан майданды, туған жер мен ата-ананы, достық пен махаббатты, көңіл күйі мен табиғатты биік парасаттылықпен, шынайы сезіммен, зор тебіреніспен жырлады.
- Қасым Аманжолов – қазақтың аса ірі ақындарының бірі. Оның көркемдік-эстетикалық деңгейі жоғары, қазақ әдебиеті тарихында айтулы орынға ие шығармашылығы, негізінен, поэзиялық туындылардан тұрады. Ақынның әдеби мол мұрасын 7-8 поэмасы мен алуан тақырыптағы лирикалары құрайды. Қасым Аманжолов – көркем аударма өнерінің де үздік шебері. Ол орыс, Батыс пен Шығыс поэзиясының классикалық туындыларын: лирикалық өлеңдер мен поэма-дастандарын қазақ тіліне зор шабытпен аударды. Қ.Аманжолов – өзінің батыл ойлы, шыншыл да терең сырлы, дауылды поэзиясымен әр буын оқырмандар сүйіспеншілігіне ие болып, жас таланттарға өте күшті әсер етіп келе жатқан біртуар дарын.


**ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ - ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІН БАЙЫТҚАН ҰЛЫ ТАЛАНТ.** Ақынның шығармаларын дәл бүгінгі егемен ел мүддесі тұрғысынан қайта оқысаң, оның сол тәуелсіздікті аңсап өткен арманын, заманынан оза шапқан қиялының биіктігі мен көрегендігін айқын көресің. Ақынның әр сөзі тәуелсіздіктің жырындай естіледі. Қасым Аманжолов поэзиясы – дауылдай екпіннің, өткір ой, отты сезімнің поэзиясы.



- Ол сегіз қырлы сөз өнерінің барлық қырын жасындай жарқылдатып, оттай лапылдатып, өрттей лаулатып, өз дегеніне көндіріп меңгерген ақын. Аз өмірінде мол мұра қалдырған, талғампаз, ойшыл, тәкаппар ақын қазақ халық поэзиясы аталатын сәулетті сарайдың берік бір іргетасы, биік бір діңгегі. Қасым – қазақтың ұлттық ақыны. Ол бүкіл жан-тәнімен, рухымен, ішкі сезім-күйімен, ақындық ойлау, жазу өнерімен қазақтың ұлттық болмысын толықтырады, жетілдіреді. Поэзия халықтың рухын көрсетеді. Қасым поэзиясынан халық жанының батырлығын, жомарттығын, бауырмалдығын, мархабаттылығын, алғырлығын мол табамыз. Бұл поэзияның тәрбиелік күші де көбінесе осы жағында. Қасымның мейлінше жалынды, лепті, күйлі сыршыл поэзиясы – әр ұрпақтың да көңіл серігі бола алатын, ұзақ жасайтын поэзия.



- Қасым Аманжолов шығармашылығы туралы жазылған еңбектер, берілген бағалар, арғысы орыс, бергісі қазақ әдебиетінің қайраткерлерінің аузынан осынау 40 жылға жақын уақыт ішінде мол айтылды. Мысалы, Твардовский, Тихоновтан бастап, қазақта Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов бастап, Әбділда Тәжібаев, Ғали Орманов, Әбу Сәрсенбаев, Хамит Ерғалиев, Сырбай Мәуленов, Тахауи Ахтанов, Тәкен Әлімқұлов, Қуандық Шаңғытбаев, Мұзафар Әлімбаевтардың мақалалары, естеліктерінің өзі толық екі том болар еді. Ғалымдардан Есмағамбет Ысмайылов – Қасымның ақындық, азаматтық өмірбаянын ең бірінші толық жазған кісі. Қасым шығармаларының шығу тарихы, хронологиялық көрсеткіш, комментарий, түсініктерін қосқанда өз алдына бір кітап еді. Одан кейін ақын, ғалым Т.Абдрахманова Қасым шығармашылығы жайында монография – кітап жариялады. Жазушы Сәбит Досанов роман жазды. Бәрінен де бір айрықша мысал:
- Балқаштың бір әдебиет мұғалімі баяғыдан бері Қасым туралы баспасөзде жарияланған (аудандық, облыстық, республикалық газет-журналдарда) сөз-пікірлерді және Қасымға арналған өлеңдерді жинап, үлкен бір альбом жасап шығарған.



1.2. Қасым Аманжолов  
— сан қырлы талант  
иесі

Қасым қазақ сахарасында искусство үшін туған жан еді. Ол өз тексті бойынша бірнеше ән шығарған композитор да болатын. Мәселен, атақты “Қайда екен, қайда, дариға, сол қыз” өлеңінің арнаулы әні бар.

Қасым аудармаларын шығармашылық жарыс аудармасы деп айтуға әбден болады.

(Тәкен Әлімқұлов)



- Соғыс майданында жүріп Қасым көптеген лирикалық өлең жазған. "Үстімде сұр шинелім", "Мартбек", "Жеңіс дауысы", "Орал", "Ертіс", "Сибирь", "Сарыарқа" сияқты өлеңдері туған жердің сыр-сипатын, сұлулық бейнесін, соғыс өмірін суреттейді. Ал "Елге хат", "Достар қайда жүрсіңдер?", "Ағайға" деген өлеңдері туған елді, дос жорандарын, ағайын-туыстарын сағынған солдаттың сезім дүниесін жырлайды.

- Қасым 30-жылдардың өзінде-ақ А.Пушкиннен, М.Лермонтовтан, Т. Шевченкодан, Дж.Байроннан, В.Маяковскийден шебер аудармалар жасады. Бұл оның үлкен поэзияның сырына терең бойлап, ақындық өнерінің қыр-сырын тануына көмектесті. 1939-1940 жылдар ақынның өсу жолындағы елеулі кезең болды. "Нар тәуекел", "Бурабай толқындары", "Дауыл", "Көкшетау", "Орамал", "Сұлтанмахмұт туралы баллада", "Өз елім", "Ғашық едім қайтейін" сияқты тамаша туындылары осы жылдары дүниеге келді. Бұл кезеңдегі ақын өлеңдерінде түр, дыбыстық үндестік, ырғақ жағынан да жаңалықтар көрініс берді. Сондай-ақ, Қасым лирикалық өлеңдермен қатар сүйекті туындылар жазуды да қолға алады, "Құпия қыз", "Бикеш" (алғашында "Азғынбаев" деп аталған) секілді алғашқы поэмаларын жазады..





Ей, төкаппар дүние!  
 Маған да бір қарашы.  
 Танысың ба сен мені?  
 Мен – қазақтың баласы!

## «ҚАСЫМНЫҢ ӘНДЕРІ-АЙ!»

### Қатысатындар:

Ескендір Хасанғалиев  
 Роза Рымбаева  
 Мақпал Жүнесова  
 Гүлбаршын Тергеубекова  
 Қарақат Әбілдина  
 Алтынай Жорабаева  
 «Қаспий» тобы  
 «Тарлан» тобы  
 Меруерт Түсіпбаева  
 Сейфуллин Жолбарыс  
 Жанар Айжанова

Ерлан Төлеутай  
 Сейіл Аяған  
 Абай Әбішев  
 Талғат Әбуғазы  
 Ерлан Құжыманов

### Ақындар

Ұлықбек Есдәулет  
 Қасымхан Бегманов  
 Маралтай Райымбекұлы

Ұйымдастырушысы —  
**Гүлбаршын ТЕРГЕУБЕКОВА**

Мамырдың 17-ші жұлдызында, сағат 19.00-де  
 Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қалашығы,  
 «Студенттер сарайы»

Билеттер "Студенттер сарайының" кассасында сатылады:  
 2-74-20-62



«Нұрлы дүние»  
 өлеңдер жинағы




Қасым қалың жұртшылыққа өзінің ақындығы, аудармасымен ғана емес, сонымен қоса әнімен, домбра, сырнай, скрипка, пианино тартатын әдемі өнерімен де танылған. Жеті айда жүріп кеткен мазасыз бала болған екен. Ән-күйге, өнерге деген құштарлық Қасымды 1935-36 жылдары Оралда жаңадан ашылған қазақ театрында әртіс болып қызмет істеуге құлшындырған. Осы жылдар ақын өміріндегі ұмытылмас қызықты да аяулы шақтар болып, жадында жатталып қалады. Әр алуан музыкалық аспаптарда еркін ойнап, домбыра, мандолина, т.б. шекті аспаптардан әуен әуелеткен ақын қызулы думан, жаңа орта, аяулы жандар арасында рухани есейеді. Бойында буырқанған ақындық дарыны айқын белгі беріп, өлеңдері жұртшылық назарына ілігеді.



Соныменбірге әншілік, әртістік қабілеті де осы кезде танылады. Театр топтарын ұйымдастырып қана қоймай әрі әртіс, әрі көркемдік жетекшісі болған Қасым өзінің өмірлік тәжірибесін де, ақын, өнерпаз ретінде көркемдік тәжірибесінде молайтқан. Ол өз өлеңіне ән шығаруды өте қызық көрген. "Дариға", "Туған ел" атты өлеңдері бүгінгі жақсы әндер тізіміне қосылады. Қ.

Аманжоловтың бірінші өлеңдер жинағы 1938 жылы "Өмір сыры" деген атпен шықты. 1940 жылы Қасым Маяковскийдің он шақты өлеңін аударып 1941 жылы "Бар дауыспен" деген атпен жеке жинақ етіп жариялады.





ІІ ТАРАУ

# ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ – ЖАУЫНГЕР АҚЫН

## 2.1. Ақынның соғыс


жылдарындағы поэзиясының

тақырыптарының ерекшеліктері

мен маңызы



- Ақын 1941 жылы армия қатарына шақырылады. Сол қарсаңда "Мазасыз музыка", "Қоштасу", "Бейсекештің бес ұлы" секілді әсерлі, сыршыл сезімге толы, лепті өлеңдерін жазады. 1941-1943 жылдары Қиыр Шығыста болған Қасым 1943 жылы батыстағы майданға ауыстырылады, содан соғыс аяқталғанға дейін "қанды қырғын, қып-қызыл өрттің ішінде" болады. Намыскер, өр, қайсар Қасым жауынгерлік міндетін жан аямай атқарады, абыройлы болады. Қиыр Шығыс пен батыстағы майдан аралығындағы ұзақ сапар, атамекен – Қазақстанын қақ жарып өтетін жол әсершіл, ұшқыр қиялды ақын жанын қатты тебірентеді. Соның нәтижесінде "Орал", "Сарыарқа", "Байкал", "Өтіп бара жатырмын" тәрізді тек Қасымның ғана емес, сол кездегі бүкіл қазақ поэзиясының жетістігі болып саналатын өлеңдері дүниеге келеді. Ақын рухының бұл қуатты серпілісі майдан жырларына ұласып, мазмұн, тақырып, түр, көркемдік бейнелеу құралдары, ой мен сезім тереңдігі жағынан жаңа сапа тауып, биік белеске көтеріледі. "Елге хат" (бес бөлімнен тұратын ұзақ толғау), "Ұлы күтіс", "Үстімде сұр шинелім", "Подполковник Әлпинге", "Қапанға", "Сәбитке", "Ғалиға жауап", "Қызғалдақ", "Сен фашистің, мен қазақпын", "Дариға, сол қыз" сияқты хрестоматиялық өлеңдері ең әйгілі "Ақын өлімі туралы аңыз" поэмасы – соның айғағы.





- Майданнан оралғаннан кейінгі алғашқы жылдары Қасым журнал редакцияларында істейді, ара-тұра поэзия, ақындық өнер тақырыбына сын мақалалар жариялайды, өлеңді де өндіре жазады. Мысалы: 1946 жылы 26 өлең жазыпты, солардың ішінен, әсіресе "Достар", "Туған жер", "Құрбыма", "Сауыншы жеңгейдің жыры", "Домбыра", "Май келді", "Күйім тасып барады, күйім тасып", т.б. көркемдігі жоғары өлеңдерін ерекше атауға болады. Ақын 1947 жылдан бастап сырқатқа шалдығады. Соның өзінде сол жылы он шақты өлең жазып, "Біздің дастан" поэмасын бастайды. М.Лермонтовтың "Маскарад" драммасын, А.Твардовскийдің әйгілі "Василий Теркин" атты ұзақ та күрделі поэмасын өте шебер аударды. 1948 жылы да Қасым көп жазады, "Дауыл" атты жинағы жарық көреді. Ол туралы үлкен ақын әрі поэзия білгірі Әбділда Тәжібаев "Социалистік Қазақстан" газетінде "Дауылды жырлар" деген мақала жазып, аса жоғары бағалайды. Осы жылдары Пушкин мен Лермонтовтың бірсыпыра өлеңдеріне қоса, Пушкиннің "Полтава" поэмасын аударды. "Балбөбек", "Нұрлы дүние" жинақтарын шығарады. 1952 жылы "Таңдамалы шығармалары" жарық көреді. 1954 жылы бүгінде жұрттың көбі жатқа білетін әйгілі "Өзім туралы" толғауын аяқтайды.
- Қасымның өлеңдері "Гроза" деген атпен 1946 жылы, "Стихи" деген атпен 1949 жылы орыс тілінде жеке кітап болып басылады. Қасым Аманжолов ұзаққа созылған науқастан 1955 жылғы қаңтардың 17-сінде қайтыс болды. Өлеңдері. Соғыстың алдында Қасым "Өз елім", "Дауыл", "Нар тәуекел", "Талғар" тәрізді әдемі лирикалық өлеңдер жазды.

# 2.2. «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасының алатын орны



- 1943 жылғы сұрапыл кезеңде дүниеге келген Қасымның бір ерекше, өлмес туындысы – "Ақын өлімі туралы аңыз" атты поэма. Бұл поэма Қасымның атын аспандатып, ақындық даңқын шырқау шыңға шығарған тұлғалы туынды. Бұл поэма Ұлы Отан соғысының майданында жаудың қоршауында қалып қойып, ерлікпен қаза тапқан Қасымның жақын досы, жас ақын А.Жұмағалиев туралы. Қасым шығармашылығы - қазақ поэзиясының асылдарының бірі. "Ақын өлімі туралы аңыз" поэмасы Қасым Аманжоловтың ғана емес, бүкіл қазақ поэзиясының жанрындағы үздік жетістігі болып табылатын бұл туындыға жас ақын Абдолла Жұмағалиевтің майданда көрсеткен ерлігі арқау болған. Ақындық дарыны үлкен үміт күттірген Абдолла намысқой, отаншыл, қайсар жігіт екен.

Майданда соғысып жүріп, оның бөлімшесі немістердің қоршауына түседі. Бір үйдің шатырына паналап, ұрыс жүргізеді. Жолдастары түгел оққа ұшады. Абдолла жалғыз өзі автоматтан оқ жаудырып, немістің рота әскерін үйге жолатпайды, көптеген солдатын қырғынға ұшыратады. Жау "Абдоллаға беріл, кінәнді кешеміз" деп хабарлайды. Абдолла берілмей, соғыса береді, ақыры немістер үйді өртейді. Әдетте, отқа адам төзе алмай, қашады екен. Бірақ Абдолла тапжылмай, үймен бірге өртеніп кеткенше қарсылық көрсетумен болады. Ол туралы Абдолланың бөлім командирі В.Григорьев: "Жау қоршауында жалғыз калып, арыстандай алысқан айбатты акынның ерлігі бізге батырлықтың асқар шыңындай сезіледі. Ол жан алқымға келгенде, соңғы гранатасын немістерге лақтырады да, ақтық оғы қалғанша автоматты жау өңменінен айырмады", – деп жазды. Поэма Абдолла өмірінің осы бір соңғы кезеңін суреттеуге құрылады. Ақын образды жау қоршауында, от ортасында қалған батырдың бір сәттегі ерлік ісін көрсету арқылы ақынның Туған елінің ерлік дәстүрі мен жауынгерлік антына берік азаматтық санада туған жалынды толғаныс арқылы да толығырақ түседі. Поэма берілген соғыстың сұрапыл суретінен басталады.



- ІІІ ТАРАУ ҚАСЫМ  
АМАНЖОЛОВ  
ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ  
МЕКТЕПТЕ ОҚЫТЫЛУЫ
- 3.1 Қасым Аманжолов  
шығармаларын мектеп  
бағдарламасында оқытуда  
қолданылатын әдіс-тәсілдер

# Мектеп бағдарламасы бойынша Қ.Аманжолов шығармалары төмендегідей сыныптарда оқытылады:

Сыныбы	Шығармасы
5-сынып	қазақ әдебиеті аптасына 3сағат, оқу жылына 102 сағат «Жамырап күнде жас өмір»,
7-сынып	қазақ әдебиеті аптасына 2 сағат, оқу жылына 68 сағат «Өзім туралы» ән-өлеңі оқытылады;
11-сынып	қазақ әдебиеті аптасына 2 сағат, оқу жылына 68 сағат «Ақын өлімі туралы аңыз»



Қасым Аманжоловтың өмірбаянын өтуде оның өмір кезеңдерінің басты оқиғалары, оларға байланысты туған шығармалары туралы маңызды мәліметтерді жинақтап, өмірбаяндық кесте жасап, пайдалануға болады.

Жылы	Болған оқиға
1911ж	Қарағанды облысының Қарқаралы ауданына қарасты Қызыл ауылда туған.
1923ж	Көкірегінің сезімі, оты бар баланы ағасы Ахметжан Семейге әкеліп, бастауыш мектепке оқуға береді.
1924- 1926ж	Балалар үйінде тәрбиеленеді.
1927- 1930ж	Семейдің мал дәрігерлігі техникумында оқиды
1930ж	Білімге құлшынып, Алматыға келеді.
1931ж	Ленинград қаласындағы орман шарушылығы институтына түседі.
1932ж	Денсаулығына байланысты институтты тастауға мәжбүр болады.
1933ж	Әскерге алынып, әскери міндетін Ленинград қаласында өтейді.
1935- 1936ж	Оралда жаңадан ашылған қазақ театрында қызмет етуге құлшынады.
1936ж	Алматыда жазылған «Хан тәңірі» өлеңі жарық көрді
1940ж	«Күлемін де жылаймын» өлеңі жарық көрді
1942ж	«Сәбитке», «Ғабдолға» т.б. өлеңі басылып шығады.
1944ж	«Ғалиға жауап», «Елге хат», «Сен фашистсің, мен қазақпын», сияқты өлең жырлар тудырады
1945ж	«Күз», «Бұйра жонын күнге төсеп, жылынып» сияқты өлеңдері жарық көрді
1946ж	«Жамбылға», «Дариға, сол қыз» атты өлеңдерін тудырды.
1948- 1954ж	«Бауыржанға», «Өзім туралы» жырлары өмірге келді.
1950ж	«Нұрлы дүние» өлеңі жарық көрді
1955ж	Қасым Аманжолов дүниеден өтті

Ақын шығармаларын оқытуда, өлеңдерін талдауда мына мәселелерге көңіл бөлген дұрыс:

1. Ақын шығармаларын әр түрлі ғалымдар пікірімен салыстыру, оқушыларды іздендіру. Оларды болжам жасауға, шындықты табуға, дәлелдеуге, бағалауға болады.

2. Өлеңнің көркемдегіш құралына, яғни сөз қолданысына, портреті мен іс-әрекетін бейнелейтін поэтикалық тілге талдау жасау.

3. Оқушыларға қиын тиетін, күнделікті қолданыла бермейтін образды сөздерге, историзм, архаизмге айналған сөздерге түсінік, сөздік жұмысын жүргізу.

4. Оқушылардың әдеби-теориялық білімдерін

Сонымен қатар сабақта әдеби талдаудың негізгі тәсілдерін, бағыттарын қолдану өте тиімді:

1. Көркем туындыдағы жазушы ойы, идеясына көз жүгірту. Тарихи, әлеуметтік жағдайлар, болған оқиғалардың қоғамдық, саяси сипаттары туралы түсінік беру. Әдеби талдау үшін, ең алдымен, сол көркем туындыда жазылған, баяндалған оқиғалардың тарихи негізіне ерекше назар аудару керек. Сондай-ақ суреткер осы шығармасын не себепті, қандай жағдайларға байланысты жазған, оны жазуға не итермелеген, сол туралы балаға мол мұрағат беруді мақсат ету керек.

2. Көркем туынды композициясын талдау тәсіліне бас кейіпкердің іс-әрекетін ойластыру, негізгі оқиғаларды сұрыптау, портрет, суреттеулердің көркем туындыдағы орнына тоқталу жатады. Жазушы стиліне талдау жасаудың маңызы сол, ол туынды негізінде жатқан авторлық көзқарас идеяны ашуға көмек жасайды.

3. Көркем туындыны терең түсіну, талдауда әңгімелеудің маңызы ерекше. Әңгімелеу әдісі, әсіресе, 5 - 7 сыныптарда жиі қолданылады. Оның тәжірибеде қолданып жүрген мынадай түрлері бар:

1. *Мәтінге жуық көрсету.* Мұнда негізгі мәселелердің барлығы көркем туынды ізімен әңгімеленеді.

2. *Ішінара теріп, сұрыптап әңгімелеу.* Мұғалім сұрақ қоя отырып, оқушының өзіне ұнаған эпизодын немесе бір оқиғасын әңгімелетеді, әсерін айтқызады.

3. *Еркін әңгімелеу немесе шығармашылық жолмен әңгімелеу.* Бұл әңгімелеу автор немесе кейіпкерлер атынан немесе әңгімелеуші атынан жүргізеді.



Шығарманың  
тақырыбы

Автор ойы

Менің ойым

# Қ.Аманжолов «Нұрлы дүние» өлеңін құрылысына қарай талдау.

Хан тәңірі жатыр еді ұйықтап,  
Айды жастап көк көрпесін түйықтап.  
Хабаршысы сұлу сағым сылаңдап,  
Жетіп келді тым асығыс бұлаңдап.

Жайлап жылжып, жүрді сағым жағалап,  
Хан тәңірінің қойны-қоншын аралап.  
Кенеттен бұлт бір ұлып, бір абалап,  
Төкті жасын құйды нөсер сабалап.

Өлеңде- рі	Буыны	Бунағы	Шумақ түрлері	Өлең шумағы	Өлең тармағы
«Нұрлы дүние»	11 буынды	3 бунақ	шұбыртпалы ұйқас	II шумақ	8 тармақ



## □ ҚОРЫТЫНДЫ

- Ұлы Отан соғысы аяқталған соң Қасым майдан өлеңдерін газет-журналдарға көптеп бастырумен қатар жаңа өлеңдер жазды. Осы кездері оның "Біздің дастан" поэмасы жазылып, таңдамалары өлеңдер жинағы "Дауыл" деген атпен жарық көрді. 1949-1952 жылдары Қ. Аманжоловтың "Балбөбек", "Нұрлы дүние" жинақтары "Таңдамалы шығармалар" жинағы басылып шықты.
- 1947 жылдан бастап Қасым сырқаттанып, ара-тұра жатып қалып жүрді. Бірақ қандай ауыр қалде жатса да, өлең жазуын тоқтатқан жоқ. Сырқаты дендеген кездерде Қасым өлеңдерінде өзінің ақындық өмірі туралы жазатын. Бұған дәлел оның "Өзім туралы" атты өлеңі. 1954 жылы қыркүйек-қазан айларында Қ. Аманжолов Қазақстан Жазушыларының III съезінің ашылуына қатынасты. Осы жылдың желтоқсан айынан бастап сырқаты мендей түсті. 1955 жылы 18 қаңтарда Қасым мәңгілікке көз жұмды. Өмірден ерте кеткенімен, Қасымның мәңгі жасайтын асыл жырлары қалды. Сол жырлары ақын атын өлтірмейді. Бұл күнде халықтың сүйікті ақыны Қ. Аманжоловтың жарқын бейнесі ел жүрегінде. Оның шығармалары орыс және басқа да халықтардың тілдеріне аударылған. Ақынның өлеңдерін қазақшадан орыс тіліне Дмитрий Снегин, Борис Слуцкий, Илья Сельвинский және басқалары аударған. Аманжоловтың үлкен жаңалығы – қалыптасқан қағидаларды жеңу, өлең саласындағы батыл тәжірибе, ол қазақ поэзиясына он буындық өлең жолын енгізді. Ақынның өлеңдері мен поэмалары қазақ әдебиеті бойынша мектеп оқулықтарына енгізілген.

Назар аударғандарыңызға  
рақмет!